

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP INS-2000
Электр плитка

Мазмұны

Құрылғының арналуы.....	5
Сақтық шаралары	5
Техникалық сипаттамалар.....	6
Құрылғының сұлбасы	7
Индукциялық жылыту жұмысының принципі	8
Пайдалану нұсқаулығы	8
Режимдер	9
Жарайтын ыдыс.....	10
Бетті тазалау.....	11
Ықтималды проблемалар және олардың шешімі.....	12
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары.....	13
Қосымша ақпарат	13

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін Сізге алғысымызды білдіреміз.

Біз сізге жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланбас бұрын, қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақтығына назар аударыңыз және осы өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланып отырыңыз.

Құрылғының арналуы

Электр плиткалары дайын өнімдер мен тағамдарды дайындауға, сондай-ақ жылытуға арналған.

Сақтық шаралары


- Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне дәл сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Күйіп қалмау үшін электр құрылғысы жұмыс істеп тұрған кезде үстіне метал заттарды, мысалы пышақ, шанышқы, қасық және қақпақ қоймаңыз. Ыдысты алған кезде тұтқышты пайдаланыңыз.
- Электр тогының соғуына және жарақат алуға жол бермеу үшін құрылғыны, оның сымын, айырын суға және басқа да сұйықтықтарға салмаңыз.
- Қуаттау сымы беттің (мысалы, үстелдің) шетінде салбырап тұрмауы керек.
- Қуат сымының ыстық бетке және өткір жиектерге тимейтініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны өздігіңізбен ашып бөлшектеп, жөндеуге тырысушы болмаңыз. Егер құрылғының жұмысында ақаулар болса, оны дереу тоқтатыңыз және уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Біліктілігі жоқ тұлға орындап жасаған жөндеу пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайларға апарып соқтыруы әбден мүмкін.
- Құрылғыға зақым келтірмеу немесе жарақат алмау үшін, өрттің шығуына және электр тоғимен зақымданбау үшін өндіруші ұсынбаған аксессуарларды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жылу көздеріне (жылытқыштар, жылыту батареялары және т. б.), ыстық беттерге (электр немесе газ плиталары) жақын қоймаңыз.
- Пайдаланылмаса, сондай-ақ тазаламас бұрын құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны тек қатты тегіс көлденең бетке, қабырға мен үстел шетінен кемінде 10 см алыс орнатыңыз.
- Бұл құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналып жасалмаған. Балалар осы құрылғымен ойнамауына қадағалау жасап жүріңіз.

- Құрылғы тек осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсаттарға арналған. Электр құрылғысын тек осы пайдалану нұсқаулығына қатаң сәйкестікте пайдалану, сақтау және күту керек.
- Сымы немесе ашасы бүлінген құрылғыны пайдалануға болмайды. Қуаттау сымын ауыстыру үшін өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз
- Балалардың қасында құрылғыны қолданған кезде абай болыңыз.
- Құрылғыны қуаттау желісінен ажыртатқан кезде қолмен оның ашасынан ұстаңыз, электр сымынан тартуға болмайды.
- Қосұлы құрылғыны жылдам тұтанатын объектілерден және материалдардан аулақ ұстаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Жұмыс барысында шамалы шуыл қалыпты болып табылады. Бұл шуыл техникалық және ыдыс түріне байланысты.
- Желі сымын бұрамаңыз және электр құрылғыны онымен орамаңыз.
- Тым қатты ысып кетпеуі үшін бос ыдысты қосылған электр құрылғысына қоймаңыз.
- Электр құрылғысының үстіне метал және магнитті заттарды қоюға болмайды.
- Желдеткіш тесіктерін бітемеңіз.
- Электр құрылғысына салмағы 8 кг жоғары ыдысты қоюға болмайды.
- Электр құрылғысын ағын сүмен жууға болмайды. Сұйықтықтың желдеткіш тесіктерге кіруіне жол бермеңіз.
- Электр құрылғыны магнит толқындары әсер етуі мүмкін электр құрылғылардың, мысалы теледидар, радио, т. б. Жанында пайдалануға болмайды.
- Бетінде кетіктер мен жарықтар пайда болса, электр құрылғыны желіден қысқа тұйықталуға жол бермеу үшін ажыратыңыз.
- Дайындау режимінің жұмысы аяқталғаннан кейін желдеткіш біраз уақыт жұмыс істеп тұрады. Электр құрылғының пайдалану мерзімін ұзарту үшін оны электр желісінен ажыратпаңыз, желдеткіш жұмысын аяқтағанша күтіңіз.
- Электр құрылғысын дымқыл, шаң, майлы жерлерде, тікелей күн сәулесі түсетін жерлерде және ыстыққа төзімділігі төмен жерде және бөлмеден тыс жерде пайдалануға болмайды.
- Құрылғы тек қана тұрмыстық үй жағдайында пайдалануға арналған.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: INS-2000.
- Қуат параметрлері: АС 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 2000 Вт.
- Пісіру бетінің материалы: әйнек керамика.
- Өлшемі (Ұ*Е*Б): 358*280*62 мм.
- Басқару: сенсорлық.
- Қолдану аясы: тұрмыстық.

Құрылғының сұлбасы



1. Желдеткіш тесіктер.
2. Электр желісіне қосу кабелі.
3. Басқару панелі.
4. Желдеткіш тесіктер.
5. Конфорка.
6. Керамикалық панель.

Индукциялық жылыту жұмысының принципі

1. Плиткамен жұмыс істеген кезде диаметрі 15 см – 18 см, түбі тегіс, болаттан, шойыннан, магниттік қасиеттері бар тот баспайтын болаттан, ферромагниттік қасиеттері бар шойыннан жасалған ыдысты немесе индукциялық плиталарға арналған ыдысты пайдалану керек.
2. Түбі бедерлі немесе аяқтары бар түбімен, диаметрі 10 см аз, ыстыққа төзімді әйнектен, керамикадан, алюминийден, ферромагниттік қасиеті жоқ тот баспайтын болаттан немесе шойыннан жасалған ыдысты пайдалануға болмайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ыдысты платаға қояр алдында түбін құрғатып сүртіңіз.

Пайдалану нұсқаулығы

Қосу/өшіру түймесі

- Құрылғыны қосу/өшіру үшін осы түймені басыңыз.
- Егер қосқаннан кейін 10 секунд ішінде басқа түймені баспасаңыз құрылғы автоматты түрде өшеді.
- Егер тамақ пісіріп жатқан кезде ыдысты конфоркадан алып тастап, 1 минут ішінде қайта орнына қоймаса, құрылғы автоматты түрде өшеді.

Функцияны таңдау

“Функциялар” түймесін басып қажетті бағдарламаны таңдаңыз.

– Қуатын баптау

Функцияны таңдағаннан кейін қызу қуатын реттеу үшін +/- түймесін басыңыз. Кейбір функцияларды таңдаған кезде құрылғы қызу қуатын автоматты түрде таңдайды.

Таймер баптауы

Таймер қосулы болмаса, құрылғы қалыпты жағдай бойынша белгіленген уақыт аралығында жұмыс істейді.

1. Таймерді орнату үшін тиісті түймені басыңыз.
2. +/- түймелері арқылы уақытты орнатыңыз. Құрылғы қосылып, кері есеп басталады.
3. Есеп аяқталған кезде құрылғы автоматты түрде өшеді.

Пауза Уақытша тоқтауды баптау

Бұл функцияны құрылғыны уақытша тоқтату үшін пайдаланыңыз. Бұл функцияны кез келген бағдарламада тамақ жасаған кезде пайдалануға болады.

1. Тамақ пісірген кезде тиісті түймені басыңыз.
2. Жалғастыру үшін бұл түймені тағы бір рет басыңыз.
3. Қалыпты жағдай бойынша уақытша тоқтау 10 минутқа қойылатынына назар аударыңыз.

Режимдер

Хого



Бұл режим “қытай самаурыны” (Хого) тағамын жасауға және суды қайнатуға жарамды. Жұмыс барысында су қайнап азайып қалса немесе температура тым жоғары болып кетсе, құрылғы автоматты түрде қызуды өшіреді.

Қуыру, майға қуыру, фритюр



- Бұл режим өнімді жоғары температурада қуыруға жарамды.
- Температура максималды мәнге жеткен кезде құрылғы автоматты түрде қызуды өшіреді. Температура төмендегеннен кейін жылыту автоматты түрде қосылады.

Сорпа және бұқтыру



- Бұл режим сорпа пісіруге және тағамдарды бұқтыруға арналған.
- Бұл режимде құрылғы автоматты түрде қызу температурасын дайындау ұзақтығына және ингредиенттерге және белгіленген температураға байланысты бақылайды.

Қайнату



Су қайнату үшін пайдаланылады. Су қайнағаннан кейін құрылғы өшеді.

1. Суды жалпы сыймдылығының 30 %-нан төмен емес, және 80 %-нан жоғары емес етіп құйған дұрыс.
2. Судың қайнау жылдамдығына ыдыс түрі, ыдыстың түбінің түрі, қоршаған орта температурасы және басқа факторлар әсер етеді.

Жарайтын ыдыс

Кез келген магниттелетін ыдысты пайдалануға болады, оны магнитпен тексеруге болады. Индукциялық плиткада тамақ пісіру үшін болат, шойын, эмальданған ыдыс, тот баспайтын болаттан жасалған индукциялық плитқаға арналған ыдыс, түбі тегіс таба және диаметрі 15-18 см кәстрөл, эмальданған болаттан жасалған, жабыспайтын жабыны бар ыдысты пайдалануға болады.



Эмальданған
болат ыдыс



Болат немесе
эмальданған
шәйнек



Шойын қазан



Темір
қазан



Тұтқасы бар
терең шойын
таба



Тот баспайтын
болаттан жасалған
кәстрөл



Темір кәстрөл

Индукциялық платада магнитпен жабыспайтын ыдысты пайдалануға болмайды. Жылуға төзімді әйнекті, керамикалық, мыс, алюминий ыдысты, соынмен қатар магниттік емес тот баспайтын болаттан жасалған таабаны пайдаланбаңыз. Түбі сфера пішінді (тегіс емес) ыдысты және түбінің диаметрі 15 см төмен ыдысты пайдалануға болмайды.

Бетті тазалау

Ластану түрлері	Тазарту әдісі	Ескертпе
<p>Күнделікті ластану (саусақ іздері, тамақ өнімдерінің іздері, дақтары, әйнектегі қайнау іздері).</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз. 2. Тазарту құралын жылы (ыстық емес) бетке жағыңыз. 3. Матамен немесе қағаз сүлгімен жуып, құрғатып кептіріңіз. 4. Құрылғыны электр желісіне қосыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Құрылғы электр желісінен ажыраған кезде басқару панелінде конфорка ыстық болғандықтан беті ыстық екені туралы ескертетін индикатор жанып тұрады. • Метал қылшақтар мен абразивті тазарту құралдары бетін сыруу мүмкін. • Жуу құралының қалдықтарын бетінде қалдырмаңыз, дақ түсіруі мүмкін.
<p>Қайнау және тәтті іздер.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мұндай іздерді керамикалық беттерге арналған қырғышпен кетіріңіз. 2. Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз. 3. Қырғыштың жүзін бетке 30° бұрыштап ұстаңыз да, конфорғаның кірі мен қайнау іздерін тазалаңыз. 4. Қалдықтарын жұмсақ матамен немесе сүлгімен сүртіңіз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Қайнау дақтарын немесе тәтті іздерді тез сүртіп алыңыз. Кепкеннен кейін оларды тазарту қиын болады. • Қырғышпен жұмыс істегенде абай болыңыз.
<p>Басқару панеліндегі ластану.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз. 2. Ластануды жұмсақ матамен немесе сүлгімен сүртіп алыңыз. 3. Құрылғыны электр желісіне қосыңыз. 	<p>Тазартқаннан кейін басқару панелін құрғатып сүртіңіз. Егер сұйықтық қалса, сенсорлық панель дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.</p>

Ықтималды проблемалар және олардың шешімі

Проблема		Ықтимал проблема	Ықтимал шешімі
Пісіру беті қосылмайды.		Электр желісінде қуат жоқ.	Электр желісінің қуатын тексеріңіз.
		Пісіру беті қосылмай тұр.	Пісіру бетін электр желісіне қосыңыз.
		Қуаттау кабелі жұмыс істемей тұр.	Кабельді өкілетті сервистік орталықта ауыстырыңыз.
Сенсорлық панель басқанда жауап бермейді.		Бұғаттау қосылған.	Бұғаттауды алып тастаңыз.
Сенсорлық панель басқанда дұрыс жауап бермейді.		Сенсорлық панель ластанған.	Басқару панелін тазартыңыз.
Конфорка жұмыс істемей тұр.		Электрондық блок қызып кетті де, тиісті конфорканы өшірді.	Конфорка ұзақ уақыт бойы қосылып тұрғандықтан өшірілді. Конфорка суығанша күтіңіз де, оны басқару панелінен қосып көріңіз.
Қателік кодтары	E:06 / E6	Ішкі температура тым жоғары. Құрылғы температура қалыптыға дейін түскеннен кейін жұмысын жалғастырады.	
	E:03 / E3 E:10 / EA	Бетінің температурасы тым жоғары. Құрылғы температура қалыптыға дейін түскеннен кейін жұмысын жалғастырады.	
	E:01 / E1 E:02 / E2 E:04 / E4 E:05 / E5 E:11 / E6	Плитаның ішкі сенсорының қорғанысы. өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.	

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында өндірушінің қаптамасында 5°C – 40°C аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Үй жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылып отыруға тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтималды зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Мидея Консьюмер Электрик Мэньюфэчуринг Ко., Лтд. № 19, Саньлэ тас жолы, Бэйцзяо, Шуньдэ, Фошань қ., Гуандун пров., Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР "Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабардар етпестен өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexr.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club